ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

**«БИЗНЕС ЖӘНЕ БАСҚАРУ» бағыты бойынша академиялық комитеттің жоспардан тыс №2.1 мәжілісінің хаттамасы**

**Түркістан қаласы** **20.01.2023 жыл**
**Сағ. 10.00**

**Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:**
АК төрағасы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, PhD Амирбек А.А.

Академиялық мәселелер вице-ректоры Идрисова Э.К., әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Шахабаев Е.Ш, академиялық департамент директоры Бостанова А.М., Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Баймағанбетов.С., Экономика, басқару және құқық факультетінің декан орынбасары Байбахов Н., әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі басшысының орынбасары Полатбекова К., әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскерлері Тасболатова Г. және Киянбекова А., мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы Мухитдинова С.М.

АК мүшесі, Академиялық персоналдар:
Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, PhD **Амирбек А.А.**, Менеджмент және туризм кафедрасы, PhD, доцент м.а. **Момбекова Г.Р.**, Экономика қаржы және есеп кафедрасы, э.ғ.к., доцент м.а. **Сапарова А.А.**, Экономика қаржы және есеп кафедрасы, аға оқытушы **Асанова А.С.**, Экономика қаржы және есеп кафедрасы, PhD, аға оқытушы **Мұстафаева Б.У.**, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасы, PhD, аға оқытушы **Куралбаев А.А.**, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасы, оқытушы **Адешова А.А.**

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы Мемлекеттік мекемесінің бас бухгалтері **Бегімбетов З.Ә.**, Түркістан қ. «Баянды Құрылыс» ЖШС-і бас бухгалтері **Абдуллаев Р.К.**, «Қазақстан Халық Банк» АҚ-ның Түркістан облысы филиалының №1 БҚКО-ның басшысы **Дүйсембаев Е.М.**, Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры **Кенжалиев А.Т.**, «Walker grup » ЖШС директоры **Рустемов Е.Н.**, «Алматы электромеханикалық зауыты» ЖШС-нің бас директоры **Кожабаев Х.Б.**, «TURKISTAN» арнайы экономикалық аймағы талдау департаментінің директоры **Айтимбетов М.С..**, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы **Шынтаев Н.К.**, Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасы отбасы және жастар мәселесі жөніндегі бөлімі **Аралбеков Н.Б.**

АК мүшелері, білімгерлер өкілдері: 6В04143 Есеп және аудит ББ студенті **Төреханова А.**, 6В04144-Қаржы ББ студенті **Курбанова Э.**, 6В04142-Экономика ББ студенті **Қаңлыбай Д.**, 6В04140-Менеджмент ББ студенті **Әсілбаев Д.**, 6В04141-Мемлекеттік ББ студенті және жергілікті басқару **Полатов М..**

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әртүрлі мәселелер.

**1.1 6В04140 Менеджмент БББ ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау**
*Жауаптылар: Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы, кафедра меңгерушісі, менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі, Г.Момбекова*

Бұл мәселе бойынша алдымен Экономика, басқару және құқық факультеті, Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі, Г.Момбекова 6В04140 Менеджмент білім беру бағдарламасының жобасымен таныстыру баяндамасын жасады.
Г.Момбекова Менеджмент білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне және құрамына тоқталды. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, практикалық дағдылары мен көшбасшылық қасиеттері бар, қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін бизнес және басқару саласындағы мамандарды даярлау болып табылатындығын айтып өтті.. Сонымен қатар Менеджмент білім беру бағдарламасының негізгі атрибуттарын және осы атрибуттары негізінде оқыту нәтижелерін талдап көрсетті. Сондай-ақ бүгінгі таңда экономиканы дамытатын креативті мамандар қажет екендігін, бітірген түлектің бойындағы ерекшеліктеріне талдау жасады. Олардың академиялық және ғылыми әлемдік қоғамдастықтың негізгі құзыреттер жиынтығына деген қазіргі көзқарастармен қаншалықты үйлесетіндігін түсіндіріп өтті. Демек бітіруші моделі бойынша білімгерлеріміз теориялық білімдерін кәсіби іс-әрекетте қолданатындығын, басқарушылық-ұйымдастырушылық қабілет пен ақпараттық-технологиялық дағдыларды меңгерген, зерттеу, жобалау және талдау дағдыларына ие болу керектігін айтып өтті. (Сурет 1).




Сонымен қатар Г.Момбекова оқыту нәтижелеріне тоқталып өтті. ОН жобалау кезінде ББ түлектердің негізгі құзыреттерді қалыптастыруын, мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттерін ескеру қажет екендігін айтып өтті. Осы орайда Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев сөз алып, оқыту нәтижеліреріндегі кейбір кемшіліктерді қайта қарастыруды, кез келген жағдайда нақты әрекет етуге және шешім қабылдауға мүмкіндік беретін кәсіби дағдыларды ескеру қажет екендігін түсіндіріп өтті.

Менеджмент және басқару ББ топтары бойынша ЖОО рейтингісі бойынша бірінші орында келе жатқан Әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилов атындағы Еуразия ҰУ оқу жоспарына сай пәндерімен салыстырмалы түрде талдаулар жасап бір бірін қайталайтын пәндерді өзгертіп, кредиттерін жоғарылату жағын қарастырғандығын айтып өтті. Біздің БББ біраз пәндеріміз осы аталған ЖОО пәндерімен 60% ұқсас екен түсіндіріп өтті. (Кесте 1).

| | ББ-дағы өзгертілуі қажет пәндер | ББ-ға енгізілетін жаңа пәндер | Кредит/ семестр | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Менеджмент | Тұтынушылармен қарым-қатынас менеджменті | 5/V/ ЖК | 1.Жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде өзгертілді. |
| 2 | Маркетинг негіздері | Бренд менеджмент | 5/III/ЖК | 1.Жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде өзгертілді.<br>2.ЕуразияҰУ-нің оқу жоспарына сай өзгертілді. |
| 3 | Менеджментке кіріспе | Менеджмент негіздері | 5/I/ЖК | 1.«Менеджмент» пәнін қайталайды.<br>2.ҚазҰУ-нің оқу жоспарына сай өзгертілді. |
| 4 | Маркетингке кіріспе | Маркетинг негіздері | 5/VII/ЖК | 1.«Маркетинг» пәнін қайталайды.<br>2.ҚазҰУ-нің оқу жоспарына сай өзгертілді. |
| 5 | Басқару және лидерліктің жаңа бағыттары | Шағын бизнестегі менеджмент | 5/VII/ТК | 1.«Менеджмент» және «Коммуникация және лидерлік» пәнінің мазмұнын қайталайды. |
| 6 | Коммуникация және лидерлік | Бизнестегі коммуникация | 5/V/ЖК | 1.Басқару және лидерліктің жаңа бағыттары пәнін қайталайды.<br>2.ЕуразияҰУ-нің оқу жоспарына сай өзгертілді. |

Биылғы 2022-2023 оқу жылындағы менеджмент БББ мен 2023-2024 оқу жылына жасалып жатқан Менеджмент БББ салыстырмалы кестесін көруімізге болады (Кесте 2).

| № | Қазіргі таңда оқытылып жатқан ББ (2022-2023) пәндерінің тізімі | Пән кредиті | 2023-2024 оқу жылына жаңарту үшін ұсынылған пәндердің атауы (Major) | Пән кредиті | 2023-2024 оқу жылына жаңарту үшін ұсынылған пәндердің атауы (Таңдау компоненті) | Пән кредиті |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстан тарихы | 5 | Қазақстан тарихы | 5 | | |
| | Философия | 5 | Философия | 5 | | |
| | Шетел тілі | 10 | Шетел тілі | 10 | | |
| | Қазақ (орыс тілі) | 10 | Қазақ (орыс тілі) | 10 | | |
| | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде) | 5 | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде) | 5 | | |
| | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану,мәдениеттану,психология) | 8 | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану,мәдениеттану,психология) | 8 | | |
| | Дене шынықтыру | 8 | Дене шынықтыру | 8 | | |
| | Экономика,кәсіпкерлік және бизнес негіздері | 5 | Экономика,кәсіпкерлік және бизнес негіздері | 5 | | |
| | Экология және өмір қауіпсіздігі | | Экология және өмір қауіпсіздігі | | | |
| | Сыни және жүйелі ойлау | | | | | |
| | Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу | | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | | | |
| | Көшбасшылық теориясы | | Көшбасшылық теориясы | | | |
| | Түрік (Қазақ) тілі - (деңгей 1) | 5 | Түрік (Қазақ) тілі - (деңгей 1) | 5 | | |
| | Түрік (Қазақ) тілі - (деңгей 2) | 5 | Түрік (Қазақ) тілі - (деңгей 2) | 5 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | 3 | Икемді дағдылар | 3 | | |
| 1 | Экономикадағы математика | 5 | | | | |
| 2 | Менеджментке кіріспе | 5 | Менеджмент негіздері | 6 | | |
| 3 | Статистика | 3 | Статистика | 3 | | |
| 4 | Экономикалық теория | 3 | Экономикалық теория | 5 | | |
| 5 | Бухгалтерлік есеп және аудит | 4 | Бухгалтерлік есеп | 3 | | |
| 6 | Маркетингке кіріспе | 5 | Маркетинг негіздері | 5 | | |
| 7 | Микроэкономика | 5 | Ясауитану | 3 | | |
| 8 | Басқару және ұйымдастыру | 5 | Микроэкономика | 5 | | |
| 9 | Ясауитану | 3 | Түркі мемлекеттер тарихы | | | |
| 10 | Ата-түрік принциптері | 3 | Ата-түрік принциптері | 3 | | |
| 11 | Түркі мемлекеттер тарихы | | Академиялық жазбаға кіріспе | 3 | | |
| 12 | Бизнеске бағытталған түрік тілі | 3 | Экономиканы мемлекеттік реттеу | 5 | | |
| 13 | Кәсіби-бағытталған шет тілі | 3 | Қаржы негіздері | 5 | Тұтынушылармен қарым-қатынас менеджменті | 5 |
| 14 | Менеджмент | 5 | | | Мотивациялық менеджмент | |
| 15 | Маркетингті басқару | 5 | | | Маркетингті басқару | 5 |
| 16 | Мотивациялық менеджмент | 5 | | | Корпоративті басқару | |
| 17 | Қаржылық менеджмент | 5 | Қаржылық менеджмент | 5 | Басқару шешімдерін қабылдау | 5 |
| 18 | Басқару шешімдерін қабылдау | 5 | Өндірісті басқару | 5 | Әлеуметтік саладағы менеджмент | |
| 19 | Ұйым теориясы және мінез-құлқы | 5 | | | Ұйым теориясы және мінез-құлқы | |
| 20 | Тәуекелдерді басқару | 5 | Тәуекелді басқару | 5 | Дағдарысқа қарсы менеджмент | |
| 21 | Коммуникация және лидерлік | 5 | Бизнестегі коммуникация | 5 | | |
| 22 | Басқару және лидерліктің жаңа бағыттары | 5 | Шағын бизнестегі менеджмент | 5 | | |
| 23 | Басқару технологиялары | 5 | Жобалық менеджмент | 5 | Басқарудағы электронды коммерция | 5 |
| 24 | Кәсіби түрік тілі | 3 | | | Басқару практикасын зерттеу әдістері | |
| 25 | Кәсіби шет тілі | 3 | | | | |
| 26 | Бизнестің қоршаған ортасы | 5 | | | Өзгерістерді басқару | 5 |
| 27 | Әлеуметтік саладағы менеджмент | 5 | | | Бизнес консалтингті басқару | |
| 28 | Шешім қабылдау критерийлері | 5 | | | Іскерлік мәдениет | 5 |
| 29 | Маркетинг негіздері | 5 | | | Бренд менеджмент | 8 |
| 30 | Тайм-менеджмент | 5 | | | Тайм-менеджмент | |
| 31 | Сапа менеджменті | 5 | | | Сапа менджменті | |
| 32 | Инновациялық және креативті менеджмент | 5 | | | Инновациялық менеджмент | 5 |
| 33 | Басқарудағы электронды коммерция | 5 | | | Бизнесті жоспарлау және ұйымдастыру | |
| 34 | Бизнеске арналған статистикалық талдау | 5 | | | | |
| 35 | Үдерістерді өлшеу және бағалау | 5 | | | | |
| 36 | Бизнесті ұйымдастыру | 5 | | | | |
| 37 | Өндірісті басқару | 5 | | | Стратегиялық менеджмент | 5 |
| 38 | Халықаралық менеджмент | 5 | | | Халықаралық менеджмент | |
| 39 | Үлкен деректер және блокчейн | 3 | | | | |
| 40 | Жобалық менеджмент | 3 | | | | |
| 41 | Жалпы сапа менеджменті принциптері | 5 | | | | |
| 42 | Басқару практикасын зерттеу әдістері | 6 | | | | |
| 43 | Маркетингтік стратегиялар | 5 | | | Логистика | 5 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 44 | Стратегиялық адам ресурстарын басқару | 5 | Адам ресурстарын басқару | 5 | IT менеджмент | |
| 45 | Қолданбалы бизнес және қоғам | 5 | | | | |
| 46 | Бизнес консалтингті басқару | 5 | | | | |

Атамекен рейтингі бойынша менеджмент білім беру бағдарламасының соңғы жылдардағы көрсеткіштері бойынша талдауларға да тоқталып өтті. Жалпы Г.Момбекова БББ бойынша ұсыныстарды қайта қарап шығып, әлі де болса оңтайландыру жолдарын қарастыратындығын айтып сөзін аяқтады.

## 1.2. 6В04141 – Мемлекеттік және жергілікті басқару БББ ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, PhD А.А.Құралбаев сөз алып, 6В04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасының мақсаты: Мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының теориялық білімі мен тәжирибелік дағдыларын әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде, мемлекеттік басқару саласында басқару шешімдерін қабылдай алатын жоғары білікті мамандарды даярлау.

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі:

1. Ынтымақтастық.
2. Көшбасшылық.
3. Қызметтерді басқару және шешім қабылдау.
4. Креативтілік және сыни ойлау.
5. Ашықтық және адалдық.

ББ бағдарламасы бойынша ҚР аумағы, Түркістан облысы бойынша 10-нан аса іс-тәжірибеден өту орындарымен меморандум және келісім-шарт жасалған;

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» ББ бағдарламасында қамтылған кәсіби пәндер атауы заман талабына сай болғанымен кейбір пәндер құқықтану ББ бағдарламасы мен шет тілдер ББ бағдарламасына қатысты пәндер енгізіліп кеткен.

ББ-да көрсетілген кәсіби пәндер көбінесе теориялық тұрғыда жүргізіледі, практикалық сипаты аз. Осыған байланысты 2021-2022 оқу жылында «Мемлекеттік және жергілікті басқару» ББ бағдарламасы бойынша 2 практик маман 0,25 бірлікте алынды. Сонымен қатар ББ бағдарламасы бойынша «Жас мемлекеттік қызметшілер» мектебі аясында Түркістан облыстық Мемлекеттік қызмет істер агенттігімен бірлесе отырып, білім алушыларға тәжірибе барысында дәрістер беру жүргізілуде.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» ББ-ндағы кәсіби пәндер бойынша ОПҚ мамандануы орташа дейгейде. Бұл өз кезегінде ОПҚ-ның ғылыми дәрежесін артыруды және ғылыми дәрежелі практик мамандарды тартуды қажет етеді.

Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші: 2019ж. – 92,4 пайыз, 2020ж. – 93,7 пайыз, 2021ж. – 63,63 пайыз құрайды.

### 6В04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару БББ бойынша пәндерге талдау

| № | БББ бойынша өзгертілуі қажет пәндер | БББ бойынша өзгертілуі қажет пәндер | Кредит/семестр | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мемлекет және құқық теориясы | Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру | 5/III/ ЖК | 1. Жұмыс берушілер ұсынысы<br>2. ҚазҰУ-нің оқу жоспарына сай өзгертілді |
| 2 | Мемлекеттік қаржы және бюджет | Мемлекеттік қаржыны басқару | 5/IV/ ЖК | 1. ҚазҰУ-нің оқу жоспарына сай өзгертілді |
| 3 | Жергілікті өзін-өзі басқару | Жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару | 5/IV/ ТК | 1. Жұмыс берушілер ұсынысы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | ҚР Конституциялық құқығы және Әкімшілік құқық | Әкімшілік құқық | 5/III/ТК | 1. ҚазҰУ-нің оқу жоспарына сай өзгертілді |
| 5 | Кәсіби бағытталған шет тілі II | Еңбек құқығы | 5/IV/ТК | 1. ҚазҰУ-нің оқу жоспарына сай өзгертілді |
| 6 | Кәсіби бағытталған шет тілі III | Қаланы басқару | 5/III/ТК | 1. Жұмыс берушілер ұсынысы<br>2. ҚазҰУ-нің оқу жоспарына сай өзгертілді |
| 7 | Кәсіби түрік тілі | Инновациялық қызметтерді мемлекеттік басқару | 5/IV/ТК | 1. Жұмыс берушілер ұсынысы |
| 8 | Басқарушылық шешімдер қабылдау | Мемлекеттік басқарудағы шешімдерді қабылдау | 5/VI/ ТК | 1. Жұмыс берушілер ұсынысы |
| 9 | Мемлекеттік басқарудағы болжау | Мемлекеттік басқарудағы стратегиялық жоспарлау | 5/V/ ТК | 1. Жұмыс берушілер ұсынысы |
| 10 | Түркітілдес мемлекеттерде мемлекеттік басқару | Шетелдердегі мемлекеттерде мемлекеттік басқару тәжірибелері | 5/VI/ ТК | 1. Жұмыс берушілер ұсынысы |
| 11 | Электронды үкімет және мемлекеттік қызметтер көрсету саясаты | Мемлекеттік қызметтер көрсету саясаты және электронды үкімет (e-Cov) | 5/IV/ ТК | 1. Жұмыс берушілер ұсынысы |

**SWOT талдау**

**S (strenght) – Күшті жақтары**

1. Жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастықтың болуы;
2. Түлектердің 80 пайыз жұмысқа орналасуы (Шетелдік студенттерді қоспағанда);
3. Бакалавриат модульдері, пәндері бойынша құзыреттердің үйлестірілуі;
4. БББ-да жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескеру;
5.Бағдарлама білім алушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға қатысуға, басылымдар дайындауға ынталандыру мүмкіндігіне ие;
6. Кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалары жариялануы.

**W (weakness) – Әлсіз жақтары**

1. ОПҚ шетелдік ЖОО-да тәжірибе (ғылыми тағылымдама) алмасу деңгейі төмендігі;
2. Қазақстандық ЖОО-да және шетелдік ЖОО-да ПОҚ-ның академиялық ұтқырлықпен дәріс оқу көрсеткішінің төмендігі;
3. Халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы /қосдипломдық білім;
4. Ағылшын тілін кәсіби деңгейде меңгерген оқытушылардың жеткіліксіз саны;
5. Мамандық бойынша соңғы 5 жылда баспадан шыққан оқу құралдарының жеткіліксіздігі;
6. Мамандықтың ПОҚ ғылыми дәрежесін жақсарту.

**O (opportunity) - мүмкіндіктер**

1. Аймақтың облыс болуына байланысты, түлектерге деген сұраныстың артуы
2. Академиялық ұтқырлық бойынша шетелдік білім алушыларды арттыру үшін шет тілінде бағдарламалар дайындау
3. Өкілетті Кеңес тарапынан бөлінетін квота есебінен кафедраның ғылыми әлеуетін арттыру үшін магистратура және докорантура бойынша мамандар даярлау
4. Заманауи ғылыми зерттеу жобаларын жүзеге асыруға білімгерлерді тарту арқылы гранттық жобаларға қатысу

**T(threat) – қауіптер, тәуекелдер**

1. Мамандыққа арналған мемлекеттік және ағылшын тіліндегі кітаптар, оқу құралдардың жеткіліксіздігі;
2. Оқу ақысының қымбат болуы жергілікті білімгерлердің мамандықты таңдауына кедергі болуы

**1.3. 6B04142 – Экономика БББ ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Экономика, қаржы және экономика кафедрасының аға оқытушысы, PhD Б.Мустафаева сөз алып, 6B04142-Экономика білім беру бағдарламасының мақсаты жайлы айтты: сыни ойлауы бар, әртүрлі көздерден алынған мәліметтермен жұмыс істей алатын, оларға талдау жасай алатын, баға бере алатын, экономикалық процестердің даму тенденцияларын болжай алатын, ұйымның экономикалық қызметінің әртүрлі міндеттерін шеше алатын бакалавр-экономистті даярлау.

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі: экономика және менеджмент, қаржы, экономиканы мемлекеттік реттеу саласындағы білімдерін көрсету. Кәсіпкерлік, көшбасшылық, инновацияларды пайдалану, белгісіздік пен тәуекел жағдайында экономикалық және ұйымдастырушылық сипаттағы шешімдер қабылдау дағдыларын меңгеру.

Білім беру бағдарламасы түлегі келесідей қабілетке ие:
1. Кәсіби-экономикалық және әлеуметтік жауапкершілік;
2. Мақсаттар мен құндылық бағдарларының айқындылығы
3. Эмоционалды интеллект және эмоционалды тұрақтылық
4. Тәжірибеге бағдарлану және кәсіпкерлік дағдылар
5. Көптілділік;

ББ бағдарламасы университет көлемінде ҚР ҒЗИ, жетекші университеттермен, мекемелермен жасалынған меморандумдар мен келісім-шарттар бар.

«Экономика» ББ бағдарламасында қамтылған кәсіби пәндерді заман талабына сай біршама жаңа пәндерге ауыстырылды, кейбір пәндер бір-бірін қайталайтын болғандықтан алынып тасталды.

ББ-да көрсетілген кәсіби пәндер практикалық сипатта болуы үшін 2022-2023 оқу жылында «Экономика» ББ бағдарламасы бойынша 1 практик маман 0,25 бірлікте алынды.

«Экономика» ББ-ндағы кәсіби пәндер бойынша ОПҚ мамандануы жоғары дейгейде, толық ғылыми дәрежесі бар ОПҚ дәріс жүргізеді.

Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші: 2020ж. – 100%, 2021ж. – 96,6 %, 2022-66,7 %-ды құрады.

ББ-ғы НОЖ пәндеріне аудит жасалынып, жаңа пәндер қосылды, оқыту нәтижелері қысқартылды.

**ББ жасалған SWOT талдау:**

**S (strenght) – Күшті жақтары**
- ББ оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми дәрежесі
- ББ-сы 100% оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген
- Білім беру сапасын жақсарту үшін СМЖ мониторингі
- Білім беру бағдарламасында кәсіби қызметке дайындау үшін компоненттердің болуы

**W (weakness) – Әлсіз жақтары**
- Көп тілді топтардың аз болуы
- БББ шетелдік ЖОО және серіктестер бойынша жұмыстарлдың толық жүргізілмеуі
- шетелдік ЖОО бірлескен БББ болмауы

**O (opportunity) - мүмкіндіктер**
- Болашақ, Mevlana, Erasmus+ бағдарламалар аясында кәсіби біліктілікті жетілдіру арқылы әлемдік тәжірибені енгізу мүмкіндігі
- Отандық және халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндіктері

**T(threat) – қауіптер, тәуекелдер**
- Шет тілдерін нашар меңгергендіктен теория мен практикада ғылымның озық үлгілері

мен жетістіктерін жеткіліксіз пайдалану;
- Еңбек нарығындағы бәсекелестік.

Сонымен қатар ББ-ны жақсарту бойынша келесідей ұсыныстар жасалды:

- Өндірістік практикаға Астана, Алматы, Шымкент қалаларына бару үшін университет тарапынан қаржы қарастыру
- Оқытушы-профессор құрамы біліктіліктілігін арттыру мақсатында үнемі жетекші ЖОО мамандық бойынша семинар-тренингтерге қатысу;
- ББ бойынша жаңадан шыққан кітаптар тізімін жасап, сатып алу;
- Академиялық ұтқырлық бойынша 1-2 апта мерзімінде шетелдік оқытушы-профессорлар кәсіби пәндерден сабақ өткізу
- Оқытушы-профессорлар құрамы тілдік деңгейлерін жоғарылату (ағылшын, түрік, орыс тілдері).

**1.4. 6В04143 – Есеп және аудит, 6В04144-Қаржы БББ ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Экономика, қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы А.Асанова сөз алды. Ол екі БББ-ның алдымен 6В04143 – Есеп және аудит білім беру бағдарламасына тоқталды.

**1.6В04143-Есеп және аудит БББ-ның мақсаты:** Халықаралық және Отандық еңбек нарығының өзгермелі талаптары мен озық технологияларына бейімделуге бейім, бәсекеге қабілетті басқару және бизнес саласында қаржылық және есеп дағдыларын игерген кәсіби білімді есеп және аудит мамандарды даярлау.

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі:

1. Ғылыми қызметкер;
2. Кәсіпкер;
3. Кәсіпқой;
4. Есепші маман;
5. Аудитор.

БББ-ның кәсіби пәндер бойынша ОПҚ мамандануы 40 пайыз. Заң талаптар бойынша практик мамандармен қамтамасыз етілген. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші: 2021ж. – 100 пайыз, 2022ж. – 62,5 пайыз құрайды.

Атамекен рейтингісі бойынша 2021 жылы ереже бойынша түлектер саны 5-тен кем болғандықтан қатыса алмады, ал 2022 жылы 64 ЖОО-дан 29 орынды иеленді.

Өткен оқу жылдарымен салыстырғанда 12 ОН-нен (оқу нәтижесінен) 10 ОН-ға жинақталып, қысқартылды.

**6В04143 – Есеп және аудит БББ бойынша пәндерге талдау**

| | ББ-дағы өзгертуді қажет пәндер | ББ-ға енгізілетін жаңа пәндер | Кредит семестр | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Бухгалтерлік есеп I | Бухгалтерлік есеп тарихы | 3/ ЖК | Жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде өзгертілді |
| 2 | | Мемлекеттік және жергілікті қаржы | 5/ЖК | Жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде қосылды |
| 3 | | Шаруашылық қызметін талдау | 5/ЖК | Жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде қосылды |
| 4 | Салық және салық салу I | Салық салу негіздері | 5/ЖК | Нархоз университетінің оқу жоспарына сай өзгертілді |
| 5 | | Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріндегі бухгалтерлік есеп | 5/ТК | ЕуразияҰУ-нің оқу жоспарына сай қосылды |

**SWOT талдау**

**S (strenght) – Күшті жақтары**

- Оқу жүйесіне ақпараттық -коммуникациялық технология-лар кеңінен енгізілді;
- Оқыту сапасын жақсарту үшін СМЖ процесінің мониторингі;
- БББ-ны дайындау кезінде жұмыс берушілердің талап-тарының ескерілуі;
- Білім беру бағдарламасында кәсіби қызметке дайындау үшін компоненттердің болуы;
- көп тілді білім алуы арқылы шетел елдерде академиялық ұтқырлық шеңберінде білімін жетілдіруге мүмкіндік бар.

**W (weakness) – Әлсіз жақтары**

- Оқу жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық техно-логиялар кеңінен енгізілді;
- Оқыту сапасын жақсарту үшін СМЖ процесінің мониторингі;
- БББ-ны дайындау кезінде жұмыс берушілердің талаптарының ескерілуі;
- Білім беру бағдарламасында кәсіби қызметке дайындау үшін компоненттердің болуы;
- көп тілді білім алуы арқылы шетел елдерде академиялық ұтқырлық шеңберінде білімін жетілдіруге мүмкіндік бар.

**O (opportunity) - мүмкіндіктер**

- оқу жоспарына студенттердің бейіндік қабілеттері, еңбек нарығының қажеттіліктері бойынша дуалды білім беруді енгізу мүмкіндігі;
- бағдарламаның Республика, ТМД және алыс шетел ЖОО-мен байланысын арттыру мүмкіндіктері;
- Отандық және халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндіктері.

**T(threat) – қауіптер, тәуекелдер**

- еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестік;
- ББ түлектерінің кәсіби қызметі туралы жұмыс берушілердің жеткіліксіз хабардар болуы;
- аз санды білімгері бар мамандықтардың жойылу мүмкіндігі;
- келешекте қажеттілік туындайтын мамандықтар тізімінде болмауы

**2.6В04144-Қаржы БББ-ның мақсаты:** Әр түрлі меншіктің түрлері бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілерге, 1 және 2 деңгейлі банктерге, мамандандырылған банктік емес мекемелерге, қаржылық ұйымдарға, сақтандыру компанияларына, зейнетақымен қамтамасыз етуге арналған тәжірибелік қызмет түрлеріне сұранысқа ие,

лизингтік және басқа да компаниялар үшін еңбек нарығының өзгермелі талаптары мен озық технологияларына бейімделе алатын бәсекеге қабілетті мамандар-қаржыгерлерді сапалы даярлау




БББ-ның кәсіби пәндер бойынша ОПҚ мамандануы 46,15 пайыз. Заң талаптар бойынша практик мамандармен қамтамасыз етілген. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші: 2021ж. – 90 пайыз, 2022ж. – 73,68 пайыз құрайды.

Атамекен рейтингісі бойынша 2022 жылы 65 ЖОО-дан 60 орынды иеленді.

Өткен оқу жылдарымен салыстырғанда 12 ОН-нен (оқу нәтижесінен) 10 ОН-ға жинақталып, қысқартылды.

**6В04144 – Қаржы БББ бойынша пәндерге талдау**

| | ББ-дағы өзгертілуі қажет пәндер | ББ-ға енгізілетін жаңа пәндер | Кредит/ семестр | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Төлем жүйесі | Мемлекеттік қаржы және бюджет | 5/ЖК | Жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде қосылды |
| 2 | Бухгалтерлік есеп I | Қаржылық бақылау және аудит | 5/ТК | Жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде қосылды |
| 3 | Салық есебі | Қаржылық модельдеу | 5/ТК | ЕуразияҰУ-нің оқу жоспарына қосылды |
| 4 | Салық және салық салу I | Салық салу негіздері | 5/ЖК | Нархоз университетінің оқу жоспарына сай өзгертілді |
| 5 | Инвестициялард ы қаржыландыру және несиелеу | Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау | 5/ЖК | Нархоз университетінің оқу жоспарына сай өзгертілді |
| 6 | Қаржы саласындағы қолданбалы зерттеу әдістері | Қаржылық менеджмент | 5/ТК | ЕуразияҰУ-нің оқу жоспарына қосылды |

**SWOT талдау**

**S (strenght) – Күшті жақтары**

Модульдік білім беру бағдарламасы жалпы білім беретін, базалық, кәсіби циклдар бойынша әзірленген;

- БББ-сы 100% оқу–әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген;
- Оқу жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен енгізілді;Қашықтан оқытудың сапасы артты;
- Оқыту сапасын жақсарту үшін СМЖ процесінің мониторингі;
- БББ-ны дайындау кезінде жұмыс берушілердің талаптарының ескерілуі;
- Білім беру бағдарламасында кәсіби қызметке дайындау үшін компоненттердің болуы

**W (weakness) – Әлсіз жақтары**

- Оқу жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық техно-логиялар кеңінен енгізілді;
- Оқыту сапасын жақсарту үшін СМЖ процесінің мониторингі;
- БББ-ны дайындау кезінде жұмыс берушілердің талаптарының ескерілуі;
- Білім беру бағдарламасында кәсіби қызметке дайындау үшін компоненттердің болуы;
- көп тілді білім алуы арқылы шетел елдерде академиялық ұтқырлық шеңберінде білімін жетілдіруге мүмкіндік бар.

**O (opportunity) - мүмкіндіктер**

- оқу жоспарына студенттердің бейіндік қабілеттері, еңбек нарығының қажеттіліктері бойынша дуалды білім беруді енгізу мүмкіндігі;
- бағдарламаның Республика, ТМД және алыс шетел ЖОО-мен байланысын арттыру мүмкіндіктері;
- Отандық және халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндіктері.

**T(threat) – қауіптер, тәуекелдер**

- еңбек нарығындағы бәсекелестік;
-шет тілдерін нашар меңгергендіктен теория мен практикада ғылымның озық үлгілері мен жетістіктерін жеткіліксіз пайдалану;
- ББ түлектерінің кәсіби қызметі туралы жұмыс берушілердің жеткіліксіз хабардар болуы.

А.Асанова жұмыс берушілердің ұсыныстарында ескергенін, 6В04143-Есеп және аудит және 6В04144-Қаржы БББ бойынша қайта қарап шығып, әлі де болса оңтайландыру

жолдарын қарастыратындығын айтып сөзін аяқтады.

**ШЕШІМ:**

6В041 – Бизнес және басқару бағытының білім беру бағдараламаларының жобасы қанағаттанарлық деп танылсын және пәндерді оңтайландыру мәселесі факультет кеңесінде қайта қаралып, Академиялық комитетке ұсынылсын.

**Акадаемиялық комитет төрағасы** **Баймағанбетов С.Т.**